



«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Офтальмология кафедрасы

Резидентураға түсу емтиханының
бағдарламасы

Редакция: 1

7 беттің 1 беті

БЕКІТІЛДІ

Қабылдау комиссиясының төрағасы

Шоранов М.Е

« 17 » _____ 2023 ж.



«7R01127 – Офтальмология ересектердің, балалардың»
мамандығы бойынша резидентураға қабылдау
үшін түсу емтиханын өткізу
бағдарламасы

Алматы, 2023



«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Офтальмология кафедрасы

Резидентураға түсу емтиханының
бағдарламасы

Редакция: 1

7 беттің 2 беті

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде жасалды.

Бағдарлама әзірленді: Утельбаева З.Т., Бердишева Ә.А.

Бағдарлама Офтальмология кафедрасының отырысында талқыланды және бекітілді (03.03.2023ж. хаттама № 9)

Офтальмология
кафедрасының меңгерушісі

Сулейменов М.С.

Бағдарлама дипломнан кейінгі білім беру факультетінің ББК отырысында талқыланып, бекітілді (04.04.2023ж. № 6 хаттама)

Төраға

Енсегенова З.Ж.

Дипломнан кейінгі білім беру
факультетінің деканы

Баймаханов А.Н.

Бағдарлама академиялық Совет отырысында талқыланып, бекітілді
(17.04.2023 жылғы № 4 хаттама)

Төраға

Байльдинова К.Ж.



2023-2024 оқу жылына арналған «7R01127 – Офтальмология ересектердің, балалардың» мамандығы бойынша резидентураға қабылдау үшін түсу емтиханының бағдарламасы

Оқу ұзақтығы - 3 жыл

Мақсаты: Офтальмология саласында қоғамның медициналық көмек көрсету кезіндегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға, тәжірибемен ғылымда озық инновациялық технологияларды қолдануға және дамытуға, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін пайдалануға, халықтың денсаулығын нығайтуға қабілетті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін үміткерлер арасында сапалы іріктеу жүргізу.

Өткізу рәсімі.

Резидентураға оқуға қабылдау құрамдастырылған түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

1. интернатурада оқу кезеңі үшін 30% соманы құрайтын GPA орташа балы (10%) және бакалавриатта GPA орташа балы (20%) немесе GPA барлық 7 оқу жылы үшін орташа балы;

Өткен жылдардың бітірушілері үшін (транскрипте GPA болмаған жағдайда) дипломға қосымшаның бағаларының орташа балы есептеледі (4-балдық шкала бойынша қайта есептегенде, 4,0 жүйе бойынша ең жоғары балл ескеріледі).

2. Қорытынды аттестаттаудың (ҚА) 1-кезеңінің бағасы (ҰТЕО өткізетін тәуелсіз тестілеу) – 30% құрайды.

3. Ауызша әңгімелесуге резидентураның әрбір мамандығы бойынша бакалавриаттың, интернатураның бағдарламасы кіреді, ол жалпы балл сомасының 40% - ын құрайды.

Мамандықтар бойынша әңгімелесу бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі. Әңгімелесуге қашықтық форматта рұқсат етіледі. Әңгімелесудің ұзақтығы бір үміткерге 15-30 мин. Әңгімелесу үш бөлімнен тұрады:

1. Үміткердің резидентурасының таңдаған негізгі мамандығы бойынша уәждемелік хаты, Ең жоғары балл - 30

2. Таңдалған мамандық бойынша жеке сұрақ (ең жиі кездесетін нозологияның бірін анықтау, ұғымы, клиникасы, диагностикасы және емдеу), ең жоғары балл - 30

3. Ситуациялық есеп, максималды балл-40

Бағалау мамандық бойынша емтихан бағдарламасына сәйкес чек-парақтар бойынша жүзеге асырылады.



**«7R01127 – Офтальмология ересектердің, балалардың»
мамандығы бойынша түсу емтиханының сұрақтары»**

1. Офтальмология тарихы, оны құрушылар. Қазақстандағы офтальмологияның тарихы. Отандық офтальмологияның соңғы жетістіктері.
2. Көз алмасының құрылысы, жас ерекшеліктері. Қанмен қамтамасыз етілуі және көздің нервтенуі.
3. Көздің фиброзды қабаты. Анатомиялық сипаттамасы. Қанмен қамтамасыз етілуі және нервтенуі.
4. Көздің тамырлы қабаты. Анатомиялық сипаттамасы. Қанмен қамтамасыз етілуі және нервтенуі.
5. Торлы қабат, анатомиялық және гистологиялық құрылымы. Офтальмоскопиядағы торлы қабаттың анатомиялық негіздері.
6. Көз алмасының ішкі ортасы: көз алмасының камералары және көзішілік сұйықтық, көзбұршағы, шыны тәрізді дене.
7. Көз ұясы. Көз ұясының қабырғалары. Көз ұясының құрамы.
8. Көру анализаторының бөлімдері.
9. Көру анализаторының қызметтері және оларды зерттеу әдістері.
10. Көру ағзаларын зерттеу және тексеру жүйелілігі.
11. Көздің оптикалық жүйесі. Клиникалық рефракция түрлері. Зерттеудің объективті және субъективті әдістері, диагностика.
12. Миопия. Даму механизмі. Жіктелуі, клиникасы, асқынулары, түзету принциптері және емдеу әдістері.
13. Гиперметропия. Клиникасы, түзету және емдеу әдістері.
14. Астигматизм оны түзету.
15. Пресбиопия және оны түзету.
16. Қабақтың қабынуы. Блефариттер. Клиникасы, емі.
17. Қабақтардың бактериялық аурулары (теріскен, халазион, флегмона және қабақтың абсцесі). Клиникасы, емі, асқынулары.
18. Бактериалды конъюнктивиттер. Этиологиясы. Клиникасы. Алдын алуы, емі.
19. Вирусты конъюнктивиттер. Этиологиясы. Клиникасы, емі.
20. Көздің аллергиялық аурулары. Клиникасы, емі.
21. Көз ұясының флегмонасы, көз ұясының веналарының тромбофлебиті, периоститтер. Этиология, клиника, диагностика, дифференциальды диагностика, Жедел көмек көрсету.
22. Увеиттер, жіктелуі. Этиологиясына, асқынуларға байланысты увеиттердің ағымының ерекшеліктері. Алдыңғы және артқы увеиттер. Клиникасы, дифференциальды диагностикасы.
23. Кератиттер. Классификациясы. Клиникасы, диагностикасы, емі. Кератиттердің емі.
24. Торлы қабаттың орталық артериясының жедел тарылуы, орталық венаның тромбозы. Клиникасы. Біріншілік дәрігерлік көмек.



25. Көздің гидродинамикасының бұзылуы. Біріншілік глаукома. Патогенезі, жіктелуі, басты белгілері. Консервативті және хирургиялық емдеу әдістері.
26. Глаукоманың жедел ұстамасы, клиникасы, дифференциалды диагностикасы, емі.
27. Екіншілік глаукома. Этиологиясы, патогенезі, клиникасы, емі және алдын-алуы.
28. Жастың ұлғаюына байланысты катаракта. Классификациясы. Патогенезі. Емі.
29. Хориодеяның меланомасы. Клиникасы, диагностикасы, емі.
30. Диабеттік ретинопатия: патогенезі, жіктелуі, клиникасы. Емі, лазеркоагуляция және ангиогенез ингибиторларын интравитреальды енгізу көрсеткіштері. Болжау.
31. Жастық макулярлы дегенерация. Патогенезі, жіктелуі, клиникасы, емі.
32. Көздің енген жарақаттары. Жіктелуі. Енген жарақаттың басты белгілері. Біріншілік хирургиялық емдеу принциптері. Көздің енген жарақаттарының асқынулары. Емі, алдын-алу.
33. Көз алмасының контузиясы. Клиникасы, жіктелуі, асқынулары, емі.
34. Көздің күйіктері. зақымдалу дәрежесін анықтау. Біріншілік дәрігерлік көмек көрсету, емі.
35. Симпатикалық офтальмия. Алдын-алу, емі. Көз алмасын алып тастау көрсеткіштері. Көз алмасын алып тастауға арналған хирургиялық ем түрлері.



Қосымша 1

**«7R01127 – Офтальмология ересектердің, балалардың»
мамандығы бойынша әңгімелесу Шек - парағы**

Уәждемелік хатты бағалау	максималды балл – 30		
	Толық жауап	Жартылай жауап	Толық емес жауап
Кіріспе	2	1	0
Бағдарламаға түсудің мансаптық мақсаттары	5	2	0
Мансап жоспары: жоғарыда сипатталған мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады	5	2	0
Сипатталған мансап жоспарына қажетті қасиеттер, Дағдылар мен білімдердің қайсысы бар және сіз нені дамытуыңыз керек?	6	3	0
Сіз түсетін бағдарлама сізге тиісті қасиеттерді, Дағдылар мен білімді дамытуға және жоғарыда көрсетілген мансаптық мақсаттарға қол жеткізуге қалай көмектеседі?	6	3	0
Сіз ЖОО мен курстастар үшін немен қызықты/ пайдалы бола аласыз?	3	1	0
Қорытынды	3	1	0
Уәждемелік хат үшін жиыны			
Мамандық бойынша жеке сұрақ	максималды балл – 30		
	Толық жауап 30 балл	Жартылай жауап 20 балл	Толық емес жауап 0 балл
	Сұраққа дұрыс жауап берді	Дұрыс жауап берді, бірақ жауаптарда кателер бар	Сұраққа жауап жоқ
Жеке сұрақ үшін жиыны			
Мамандық бойынша ситуациялық тапсырма	максималды балл – 40		
	Толық жауап 30 балл	Жартылай жауап 20 балл	Толық емес жауап 0 балл
	Сұраққа дұрыс жауап берді	Дұрыс жауап берді, бірақ жауаптарда кателер бар	Сұраққа жауап жоқ
Ситуациялық есеп үшін жиыны			
Әңгімелесу үшін барлық балл			



Қосымша 2

Түсу емтиханының емтихан ведомосы

№	Үміткердің аты-жөні	GRA (5 жыл)	GRA (2 жыл)	ҚА (балл) нәтижесі	Әңмелесу (балл)	Жалпы балл	Қорытынды баға
1							
2							

Емтихан комиссиясының төрағасы:

_____ (колы) _____ (Қолтанбаның толық жазылуы)

Комиссия мүшелері:

_____ (колы) _____ (Қолтанбаның толық жазылуы)

_____ (колы) _____ (Қолтанбаның толық жазылуы)

_____ (колы) _____ (Қолтанбаның толық жазылуы)

Күні « _____ » _____ 20 ж.